

Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы Талас ауданының
білім бөлімінің «Дәния» бөбекжай бақшасы» мемлекеттік коммуналдық
қазыналық кәсіпорын

Ертеңгілік

«Айналайын» ересек топ

«Қош келдің, Жаңа жыл!»

Тәрбиешілер: Ж. Жұмағұлова
Ә. Жаназарова

Талапты ауылы
2023-2024 оқу жылы

Тексерілді:

Әдіскер А Наденова

«Қош келдің, Жаңа жыл!»

Жүргізуші:

Жаңа жылдың таңы неткен арайлы,
Ақ мамыққа бөлеп алды маңайды.
Жаңа жылмен құттықтаймын бәріңді,
Бәрімізге болсыншы жыл арайлы!
Құтты болсын ағайын!
Жаңа жылың тағы да,
Қол соғып қарсы алайық,
Шақырайық ортаға,
Ертеңгілік басталсын,
«Айналайын» ортаңғы тобында!
(Балалар топқа кіреді)

(музыка қосылып Сиқыршы шыр айналып кіреді)

Сиқыршы:

Жаңа жыл келді
Азаймасын ән мен жыр
Ел көңілін көтерсін
Құтты болсын Жаңа жыл!
Құттықтаймыз сіздерді!
Тезірек, тезірек мұнда жиналыңдар
Басталады Жаңа жылдық карновал
Маска да бар, би де бар, асығыңдар
Аяз ата шақырғанның бірі қалмайды.
Басталады басталады Жаңа жылдық карновал
Карновалдың иелерін қарсы алыңдар!
(қол соғып киінген ата-аналар)

Сиқыршы: Бәрекелді, жарайсыңдар! Қараңдаршы, айнала неткен керемет, әсем мына шыршамыздағы ойыншықтардың алуан түрлері бар екен. Бәрімізде әп әдемі жаңа жылдық киімдерімізбен киіп жиналып қалыппыз. Бірақ,..... шыршамыз көңілсіз қане менің сиқырлы таяғымның көмегімен сендердің сиқырлы сөздеріңмен шыршаның шамын жағайық.

Бәрі: Қуант, бізді таңырқат
Шамдарыңды жарқырат! 3 рет
(Шырша шамы жанады)

Жүргізуші: Міне, керемет, қол ұстасып ән шырқайық!

Хор: «Шыршаға бардық»

Жүргізуші: Ендеше, шыршамызға тақпақтарымызды айтайық.

1. Жаңа жыл, жаңа жыл
Төгілсін жаңа нұр
Сыйлығын сүйретіп,
Келді міне, Жаңа жыл Айдай
2. Әдемілеп біз ілген,
Ойыншықтар тізілген
Қандай жақсы шыршамыз
Ән шырқайық баршамыз. Айсұлтан

Жүргізуші; -Балалар, жарайсыңдар! Айтыңдаршы жылда Жаңа жылға бізге қонаққа кім келуші еді?

(балалардың жауабы)

Жүргізуші: -Қанекей, ендеше бәріміз бірге шақырайық.

Бәрі: Аяз ата, Аяз ата, Аяз ата, Ақшақар ау-у-у-у! 3 рет

Өрмекші адам: Здраствуйте, ребята! С Новым годам! Сендерге немесе сенерің заттарыңа қауіп төніп тұр деп естідім, мен құтқару үшін келдім.

Жүргізуші: Мәссаған, балалар бұл кім?

Балалар: Өрмөкші адам

Жүргізуші: -Иә, «Өрмекші адам» мультфильмін сендер өте жақсы көресіңдер ғой. Бірақ біз Аяз атаны шақырдық қой, өрмекші адамды емес...

Балалар: Иә..

Өрмекші адам: Жарайды онда мен кете берейін. (кетіп бара жатып.....)

(қарақшы қорапты ұрламақ болады, өрмекші адам байқап қалады да, қарақшыны қатырып тастайды.)

Жүргізуші: Ой, өрмекші адам, сен біздің балалардың сыйлықтарын қорғап қалдың ғой. Рахмет саған.

Сиқыршы: Қарақшыны сиқырыммен басқа жаққа апарып тастайын. (сиқыршы сиқырлы сөздерімен қарақшыны жоқ қылады)

Жүргізуші: Олай, болса, мерекемізді әрі қарай жалғастырайық! Өрмекші адам біздің қонағымыз бол! Балалардың өнерлерін тамашала!

(өрмекші адам қуанып балалардың жанына келеді)

Жүргізуші: Балалар, мына сыйлықты бәріміз бөлісейік..... *(деп ашып жатқанда күлдіргіш шығады)*

Күлдіргіш: Амансыңдар ма, балалар! Иә, бұл менмін. Мені ораудан алып шыққандарың қандай жақсы болды. Ол жер тар, әрі қараңғы екен. Ал, мұнда сондай тамаша екен! Мен сендермен жаңа жылды қарсы алайыншы. Сендермен бірге қызықты ойындар ойнайықшы.

(шыршаға қарап)

Шырша дейміз елканы

Балалар билеп қоршады.

Түрлі түсті ойыншық

Шыршада көз тарады.

- Ой, балалар, шыршамызға Аяз ата мен Ақшақар жетіспейді.

Бәрі:

Қоңырау үні сыңғырла

Аяз ата, Ақшақар

Біз сендерді сағындық

Тез келіңдер ортаға

Аяз ата, Ақшақар 3 рет

(әуенмен Аяз ата мен Ақшақар келеді)

Аяз ата:

Құтты болсын, балалар

Келген Жаңа жылдарың

Алаңдамай өсіңдер

Еркелеп қыз, ұлдарым

Өткен жылы келіп ем

Жыл өткізіп келем деп

Уәдемді беріп ем

Ойларың мен бойларыңда

Бірдей өсіп қалдыңдар ма?

Ал, мен кіммін айдыңдаршы

Мені тани алдыңдар ма?

Балалар: Аяз ата!

Ақшақар:

Сәлеметсіңдер ме, балалар! Жаңа жыл құтты болсын!

Сүйсіндірер маңайды

Ақшақармын арайлы

Жалт жұлт еткен жүзімнен

Күміс сәуле тарайды.

(қоянда бірге келеді)

Сиқыршы: Қош келдіңіздер, баршаңызда, алыс жолдан келдіңіздер.
Әсем әні де, биі де бар
Отыр ата, сәл дем ал,

Би: «Шырша»

Ән: «Жаңа жыл» Жансезім

1. Бүгін біз көңілдіміз
Жаңа жылы қарсы алып
Мерекеге келгендері
Құттықтаймыз ән салып
Хантөре
2. Даламызға, қаламызға
Жаңа жыл келіп кіреді
Қартымызға, жалпыңызға
Жалынды сәлем береді.
Бақытжан
3. Ән саламыз, би билеп,
Жырдан шашу төгілді
Бүгін біздің Жаңа жыл
Қандай қызық көңілді
Сабина
4. Бізбен бірге ойнайды

Жаңа жылды тойлайды
Барлық бала бақытты
Болса екен деп ойлайды.

Хантемір

5. Аяз ата жол салып,
Ақ боранмен алысқан.
Балаларға базарлық
Алып келді алыстан

Илигай

Жүргізуші: Біздің балабақшамыздың кішкентай бүлдіршіндеріміздің де өнерлерін тамашаларыңыздар!

Хор: «Аяз ата»

Би: «Жаңа жыл»

Тақпақтары:

Ақшақардың сұрақтары:

Мен білемін бір ойынды:
Мен бастаймын,
Ал, сендер аяқтаңдар ойынды
Хормен жауап айтыңдар!

Қарға мүлгіп дала тұр,
Келе жатыр.....

Балалар: Жаңа жыл!

Қызыл мұрын, ақ мұртты
Білсең атын тез ата,
Келеді бізге.....

Балалар: Аяз ата!

Шырша бүгін кәделі!
Сендер әлі

Балалар: Әдемі!

Көңілсіз бір бала жоқ,
Ойын, күлкі таралсын
Құтты болсын.....

Балалар: Жаңа жыл!

Жүргізуші:

Әуеледі әніміз
Жаңа кірді сәніміз

Ақшақарды ортаға алып
Би билейік бәріміз.

БИ: «Ақшақар»

1. Әдемілеп біз ілген,
Ойыншықтар тізілген
Қандай жақсы шыршамыз
Ән шырқайық баршамыз. Айсұлтан

2. Жаңа жыл, Жаңа жыл
Жаңа жылда жаңа жыр
Жасыл шырша жанында
Билеп барлық бала жүр Арсен

3. Тамаша, тамаша
Шыршамыз тұр жараса
Басына әсем жұлдызы
Көз тоймайды қараса Ерқанат

4. Қыстың күні көңілді
Көп қызықты көреміз
Шығып алып далаға
Сырғанақты тебеміз Жансезім

5. Көрдің бе Аяз атаны
Аппақ екен сақалы.
Аппақ екен мұрты да
Аппақ екен шапаны Мерейлім

Жүргізуші: (сағат дыбысы естіледі)

Балалар, санаулы минуттардан кейін жаңа жылымыз да жақындап қалған сияқты.

Сиқыршы: Біздің бақшамызға менің сиқырлы сандығымды жеткізіп беріңіздер!

Балаларға базарлығым бар. Алахай, махалай..... (сандықтан ұлу жылы шығады)

Ұлу:

Мен жаңа жылмын

Мен жаңа нұрмын

Нұрымды да себейін

Жырымды да себейін

Қоян: Бір жыл бойы сендермен жүрдім, ойнадым. Енді қоштасар кез келді.

Жүргізуші: Шыныменен, балалар, біз бір жасқа үлкейдік. Ескі жыл Жаңа жылға орнын сыйлағысы келіп тұр, олай болса, сау болыңыз, біз сізге ризамыз!
(сиқыршы сиқырымен қоянды орманға жібереді)

ОЙЫН: «Кім епті?»

БИ: «Аяз ата жігіттері»

Сиқыршы: Аяз ата, Ақшақар, сізер біздің балаларымыздың өнерлерін көріңіздер, тамашалаыңыздар! Балаларымызға сыйлықтайтын кез келген сияқты.

Хор: «Аққала»

Аяз ата: Жарайсыңдар балаларым! Бізді бүгін бір қуанып, алыс жерен шаршап кенгенде көңілімізді көтердіңдер! Киген киімдерің қандай әдемі, солай емес пе қызым? Ал, енді біз жолға шығайық. Басқа да бүлдіршіндерге сыйлықтарын үлестіріп беруіміз керек.

Ал, балалар жылдан жылға өркендей беріндер, өсе беріндер! Қош болыңдар! Келесі жылы кездескенше!

Балалар: Сау болыңыздар!

Бәрі:

Біз тілейміз жаңа жылдық шаттықты

Біз тілейміз жаңа жылдық бақытты!

Жүргізуші: Құрметті қонақтар, балалар! **«Қош келдің, Жаңа жыл»** атты жаңа жылдық мерекемізде аяқталып қалыпты. Осындай меркемізге керемет өтуге ат салысып жүрген ата-аналарға, балабақша қызметкерлеріне мың алғыс!

Құттықтау сөзін балабақша меңгерушісі Наденова Айнұр Мақұлбекқызына және ата-аналарға береміз!



